

ӘОЖ 81'255.2

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: 22gulim1988@mail.ru)

**А.Байтұрсынов өмірі мен қызметінің салмақты саласы —
ақындық, аудармашылық еңбектері**

Мақалада Ахмет Байтұрсыновтың аударма ісінің майталман шебері екендігі көрсетілген. Ең алдымен, ол ұлы орыс жазушысы И.А.Крыловтың мысалдарының негізгі бөлігін қазақ тіліне аударып, оларды «Қырық мысал» кітабында жариялады. Байтұрсынов өзінің еңбектерінде өз замандастары бойында кездесетін әділетсіздікті, қаталдықты, сараңдықты, надаңдықты және тағы басқа кемшіліктерді әжуалап сынағаны дәлелденген. Оның орыс ақындары С.Я.Надсонның және Ю.В.Жадовскаяның бұрын жарияланбаған өлеңдерін асқан шеберлікпен аударғаны айтылған. Байтұрсыновтың еркіндік пен әділдікті жыр еткен, ақ патша үстемдігіне қарсылық танытқан, демократиялық қоғам құруға шақырған тамаша поэмасына ерекше көңіл аударылған.

Кілт сөздер: аударма, кітап, мысалдар, акын, рухани мұра, ғибрат, күрес, қоғам, үлес.

Ахмет Байтұрсыновтың көркем аударма дамуына қосқан үлесі

А.Байтұрсынов қалдырған бай мұраның бір саласы — оның көркем аударма дамуына қосқан үлесі. Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жылдарында бір топ ақын-жазушылар (А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, т.б.) көркем аударма ауқымын кеңейтіп, Шығыс пен Батыс елдері әдебиеттері үлгілерін, орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға қызмет етті.

А.Байтұрсынов орыстың жазушысы И.А.Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке кітап етіп жарыққа шығарды.

«Қырық мысал» — 1909 жылы Петерборда 116-бетпен, 1911 жылы — Орынборда, 1922 жылы Қазанда 96-бетпен басылым көрген. Орыс-қазақ мектебінде дәріс алған А.Байтұрсынұлы орыс әдебиетімен жақсы таныс болса керек. Ол мысал жанрына көңіл бөліп, шағын көлемді өлеңдер арқылы маңызды ойлар айта білудің, оны астарлап сөйлетудің мүмкіншілігі зор екендігін терең түсінген. Және патша саясатының ұзын құрығынан құтылудың жолын әлеуметтік ортаға мысал-өлеңді тәржімалау арқылы насихаттауды мақсат еткен. Ақын 1922 жылы қайта басылым көрген туындысының мұқабасының ішкі бетіне «Орысшадан қазақшаға 1901–1904 жылдары тәржімалаған Ахмет Байтұрсынов» деп жазған [1].

Ахмет Байтұрсынұлының мысалдары көлемі жағынан, сюжеттік дамуы барысынан басқа сөз зергерлері туындыларынан дараланып тұрады. Оның мысалдарында халықаралық сюжеттік жүйенің мазмұны қазақ өміріне бейімделеді. Алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды түлкі», «Ала қойлар», «Үлес», «Қартайған арыстан», «Өгіз бен бақа», «Қайыршы мен Қыдыр», «Ат пен есек», «Қасқыр мен Тырна», «Қасқыр мен Қозы», «Аңдарға келген індет», «Қасқыр мен Мысық», тағы басқа мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды мезгейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған. Ақын мысалдарының үлкен тобы — озбырлықты, зорлықты, аярлықты әшкерлейтін туындылар. Енді осы мысалдардың біразын салыстырмалы түрде талдап, Ахмет мысалшылығының өзіндік сарынына тән қасиетін айқындап көрелік.

Аудармашы «Қырық мысал» жинағына жазған «Замандастарыма» деген кіріспеді [2; 28] аударманың мән-мақсаты, оны қандай қиындық жағдайларда орындағаны туралы айтады:

*Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,
Әзірге қолдан келген осы барым.
Қанағат азға деген, жоққа — сабыр,
Қомсынып қоңырайма, құрбыларым!*

*Бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық,
Күй қайда үздік шығар топты жарып?
Ат тұрмас аяғында желі болса,
Дүсірлеп шапса біреу қиқу салып.*

*Бар болса сондай жүйрік қызар деймін,
Естілсе құлағына дүбір барып.
Әйтпесе арық шауып оңдыра ма,
Жүргенге қамыт басып, қажып-талып?!*

Ақын қазақ оқығандарына құлақ қағыс жасай отырып, олардың ұлттық санасының оянуы үшін намысын қамшылайды.

Ахмет Байтұрсынұлы мысал жанрына өзіндік қолтаңбасымен келді. Мәселен, ол Крыловтың шығармасында он жолақтан тұратын «Шымшық пен Көгершін» атты мысалды отыз екі жолға дейін ұлғайтты. Сондықтан осы мысалды [2; 29,30] мүлдем басқа туынды деңгейіне көтерді:

*Бір шымшық торға түсті соры қайнап,
Барды ма, кім біледі, ажал айдап.
Пәлені қаза менен қайда деме,
Ғаріп боп, отыр сорлы көзі жайнап!*

*Жанына жас көгершін ұшып келді,
«Не қара басты торға түсіп? — деді,
Тал түсте торды көрмей, соқыр ма едің,
Есалаң! ақылың жоқ, күшік, — деді.*

*Түсер ме есі дұрыс күндіз торға?!
Ақылың жоқтығынан қалдың сорға.
Мысалы, мені алдап еш уақытта,
Тор түгіл, түсіре алмассың онан зорға.*

*Кім күлмес бостығына сен жаманның,
Алдырған айласына бір наданның?
Мен саған қол берейін түспесіме,
Қайласы саған ғана мол адамның».*

*Десе де, ақыл серік қонған баққа,
Ем болмас бастан бағың таяр шақта.
Пысықсып көгершінім отырғанда
Қалыпты өзі түсіп қыл тұзаққа.*

*– Ақылың қайда кетті, данышпаным?
Серт айтып түспеске қол алысқаның?
Біреуге күлсең, келер өз басыңа,
Табалап мұнан бұлай күлме, жаным!*

Ақын өз жанынан қосқан ойлары арқылы бұл мысалды қазақтың төлтума рухани мұрасына айналдырды.

Осындай ерекшелік «Өзен мен Қарасу» мысалына [2; 83–85] да тән. Осындағы:

*Мысалы, үлкен өзен тынбай аққан —
Халықтар мекнат шегіп, рақат тапқан.
Жетісіп ғылым, өнер баршасына,
Толып тұр ханасына қонған бақтан.
Мегзеймін Қарасуды, қазақ, саған,
Талпынбай талап ойлап, қарап жатқан.
Барады қатар жұрттың бәрі озып,
Ілгері жылжымайсың жалғыз аттам.
Оянып, жан-жағыңа сал көзіңді,
Түбіңе жетпей қалмас қамсыз жатқан.
Өткізіп уақытты өкінерсің,
Пәледен, басқа келмей, деймін сақтан.*

*Қазағым, сал құлағың нақылыма,
Түсініп айтқан достық ақылыма.
Сөз емес еріккенде ермек еткен,
Айтамын жаным ашып жақыныма.
Козғалмай бұл күніңмен жата берсең,
Боларсың Қарасудай ақырында, —*

деген жолдар ақын тарапынан ұлтына айтылған ғибрат екенін түсіндіріп жатудың өзі артық.

А.Байтұрсынов мысалдарының көлемді болуына олардың әрқайсысына ғибратнамалы-түсінік шумақ беруі себеп болған. Мысалы, алты шумақты «Малшы мен Маса» мысалының [2; 50,51] соңғы бөлімі екі шумақтан құралған:

*Бір малшы көлеңкеге келіп жатып,
Қасқырдан иттеріне сеніп жатып,
Үстінде көк шалғынның, самал жерде
Тырайып қалды сабаз ұйықтап қатып.*

*Келеді қара жылан шағайын деп,
Қапысын ұйықтағанда табайын деп.
Малшыны сол уақытта Маса шақты,
Оятып, бұл пәледен қалайын деп.*

*Ұйқысын малшы оңды ашпай тұрып,
Өлтірді шағып тұрған Масаны ұрып.*

*Көтеріп жерден басын біраздан соң,
Қарады жан-жағына мойнын бұрып.
Жыланды көрген шақта малшы өкінді,
Достығын Сарымасаның сонда ұғып.
Сөзімнің сөкпеңіздер шолақтығын,
Демеңдер сөз жазуға олақтығын.
Жыланды малшы көріп болғаннан соң,
Келмеді бір-біріне жолатқызғым.
Мысалы, қазақ малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды пәле делік аңдып баққан.
Пәленің түрін көрген мен — Сарымаса,
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.*

*Ойлаймын осы сөз де жетеді деп,
Қатты айтсам, сөзім батып кетеді деп.
Ұйқысы ашылмаған жұрт өзімді
Қорқамын Сарымасадай етеді деп.*

Бұл мысалда басты ой соңынан түйінделіп, ғибрат ретінде ұсынылған. Жеті шумақтан тұратын «Екі бөшке» мысалының [2; 45] төрт шумағы да ғибрат болып табылады:

*...Созбайын сөз аяғын көп мылжыңдап,
Билігін өздеріңіз айтыңыздар,
Бөшкенің қайсысының пұлы қымбат?*

*Құр бөшке салдыры зор, бағасы кем,
Бағасыз құр даурыққан адаммен тең.
Алыстан әлдеқандай болса-дағы
Жай мәнін жақындасаң білерсің сен.*

*Екінші толық Бөшке мысалы сол, —
Адамдар көп даурықпас ақылы мол,
Сарп етпей босқа сөзін жұртқа жарлап,
Үндемей жүріп ісін істейді ол.*

*Байқамас оны ешкім жақындаспай,
Істес боп ой сынасып, ақылдаспай.
Бөшкеде не зат барын білеміз бе,
Қақпағын я бір жерін тесіп ашпай?*

А.Байтұрсыновтың «Қасқыр мен Тырна» атты мысалында [2; 76–78] оқиға ұзақ кіріспеден басталады:

*Бір қасқыр сапар шекті елден жырақ,
Неше күн таппай азық, қалды жарап:
Жемтіктің жақын жерде ісін сезіп,
Қасекең келе жатыр, соған қарап.*

*Қасқырдың кім білмейді қомағайын,
Көңілден, жемтік көріп, кетті уайым.
Келді де бір сүйекті салды ауызға
Шетінде бөлегірек жатқан дайын.*

*Кемірмей, сол қалпынша жұтып қалды
Тамақта жүрмей сүйек тұрып алды.
Қақалып, дем ала алмай, сасқанынан
Алақтап, жан-жағына көзін салды.*

*Қақалды, сүйек жүрмей тамағына,
Болмады әр түрлі еткен амалына.*

Сүйекке қақалып өлгелі тұрған жерінен өзін құтқарған тырнаға қасқыр алғыс айтудың орнына оны бас салып жемтік қыла қоймақ болады:

*Бұрынғы мықтылықты былай қойып,
Тырнаға сөз сөйлейді кішілікпен:
«Шырағым, дүниеде ұмытпайын,
Құтқарсаң мені қазір осы дерттен.*

*Танысып, сеніменен дос болмаққа —
Жүруші ем кез келгей деп, тілеп көптен.
Білуші ем әкеңді де, тырна, сенің,
Дүниеде кім бар еді онан өткен?!*

*Ежелден олқылық жоқ нәсілінде,
Көз салып қарап тұрсам арғы түптен.
Баласы алтайының сен бір асыл,
Сыртыңнан жүрміз әлі зор үмітпен.*

*Біле алмай не қыларын, сасқалақтап,
Алдында ағаң отыр есі кеткен.
Тырнажан, неғылсаң да енді өзің біл,
Айдынның сарқыны едің жұртқа жеткен».*

*Тырна естіп мына сөзді, судай тасты,
Қасқырдың тамағына тықты басты.
Суырып сүйекті алып тастап еді,
«Уа!» — деп қасқыр сонда көзін ашты.*

*Құтқарған зор пәледен тырнасына
Ол бірақ көрсетеді ықыласты.
Еңбегін бер деп тырна сұрап еді,
Қасекең сау күндегі әнге басты.*

*«Не дейсің, ойын ба осың, шын ба, тырна?
Қажсауға мәжнүн жоқ саған мұнда.
Ақы алып өзгелерден дәндеп қапсың,
Қой, Тырнам, ойнап мені әуре қылма!»*

*Мен саған олжа болар серің бе едім,
Құтқардың сөзім сыйлап, ерінбедің.
«Сыйға — сый» дегендейін, таз басыңды
Аузыма салып тұрған кемірмедім.*

*Көрінбей, жоғал шапшаң, көзіме енді,
Түсініп айтқан достық сөзіме енді.
Аш бөрі неше күндей дәм татпаған,
Ұялмас тап беруге өзіңе енді.*

Бұл — ежелгі Эзоптың осы аттас мысалынан жалғасын тапқан, мысалшыларды көп қызықтырған желінің бірі. Бұл желіні орыс әдебиетіне алғаш әкелген А.П.Сумароков.

«Аққу, Шортан һәм Шаян» атты мысалында [2; 28,29] ақын оқырманына қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді өз жанынан қосады.

*Жүк алып шаян, шортан, аққу бір күн,
Жегіліп, тартты үшеуі дүркін-дүркін.
Тартады аққу көкке, шаян кейін,
Жұлқиды суға қарай шортан шіркін.
Бұлардың машақаты аз болмады,
Жұмысы орнына кеп мәз болмады.
Тартса да бар күштерін аямай-ақ,
Асылы, жүк орнынан қозғалмады.
Онша ол жүк артық ауыр емес,
Құр сырттан пәлен деу де тәуір емес.
Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр,
Бірыңғай тартпаған соң бәрі тегіс.
Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек болсақ жолдас.
Біріңнің айтқанына бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас, —*

деп елді тұтастық, ынтымақ жалауының астына шақырады.

Ахаң елдің азып-тозуына байланысты сарындарды жұмбақтап жеткізеді. Ал, «Қасқыр мен Қозы» атты мысалында [2; 35–37] осы мәселеге байланысты ойларын ашық айтады:

*...Алыпсың жаман әдет қарсыласып,
Сенімен тұрам ба мен мылжыңдасып.*

*Айтайын, білгің келсе, Қозым саған,
Кінәң сол — жегім кеп тұр қарным ашып».*

*Шоршиды қозы байғұс құлқын танып,
Құтылар білгенменен онан неғып?!
Болсын ба қозы жұмыс қасекеңе, —
Жөнелді ығына салып алып.*

*Орманға қасқыр кетті қозыны алып,
Белгілі етер ісі алып барып.
Осындай жазықсызды жазғыратын
Әр жерде күштілер де бар зой қалып.*

*Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын — оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Бәрінен артық дейміз оның несі.*

Көп аудармаларында ақын көркем ойға ой, суретке сурет қосуға талпынады. Сондықтан пікірді ұштап, жаңа сарын-әуез тудырып отырады. Мысалы, «Қартайған арыстан» деген мысалында [2; 43–45]:

*...Дарига! Ол заманның бәрі өтті,
Кәрілік деген пәле келіп жетті.
Тіс түсіп, тырнақ мұқап, әл кеткен соң,
Сорыма бәрі мұның ер боп кетті.*

*«Тебем» деп келіп тұрған мынау Есек,
Аяқта жатушы еді болып төсек.
Кешегі дәурен баста тұрған шақта
Мұны кім айтушы еді жан деп есеп.
Көп шығар, жоқ демеймін, кінәм менің,*

*Ризамын бақ, пәлеңе бірдей сенің.
Тұяғың бұл жаманның тигізбей ал —
Қорлықтан, мұнан көрген, жеңіл өлім».*

*Айтылған бірдей емес осы аңдар,
Ішінде жақсы, жаман, осалы бар.
Арыстан, Жылқы, Өгіз, Есекке ұқсас
Ойласақ, табылмай ма неше адамдар.*

*Ерлер бар заманында дәурен сүрген,
Дұшпанын ерегіскен жалғыз бүрген.
Қартайған Арыстандай әлі кетіп,
Қаруы бұл уақытта азып жүрген.*

*Бақ қонса сыйлар Алаш ағайын да,
Келе алмас жаман батып маңайыңа.
Басыңнан бақыт құсы ұшқан күні
Құл-құтан басынады малайың да, —*

деген жалғасты түйін жасайды.

Енді Ахаңның «Үлес» атты өлеңін [2; 68,69] оқып көрелік. Бірнеше кісі тіл таба алмай, берекесі кетіп, өртке шалдығып, үлестен құр қалады. Осы аудармасында ақын өз позициясын ашық көрсетеді.

*Қосылып, бірнеше адам ортақтасып,
Үй салып, ортасынан дүкен ашып.
Саудасы жұғымды боп байып әбден,
Шат болып көңілдері судай тасып.*

*Ақшаны төбедей ғып үйіп қойып,
Үлесіп отыр еді шуылдасып.
«Үй жанып барады!» — деп хабар берді,
Жүгіріп келіп біреу түсі қашып.
«Жүріңдер, — біреуі айтты, — барайық, — деп, —
Есепке қайтып келіп салайық», — деп.
Айтады екіншісі: «Мың сомым кем,
Тоқтаңдар, соны әуелі санайық», — деп.
«Кем, — деді, — екі мыңым, — және бірі, —
Қараңдар, ап-анық тұр кемі, міні!»
«Қой», — десті өзгелері, — бұл өтірік,
Болмаса керек қате ондай ірі».*

*Тауыса алман сөздерінің бәрін теріп,
Әйтеуір зор жанжалдың кірді түрі.*

*Бірталай ерегіспен мезгіл өтті,
Ұмытты, жанжалдасып, бәрі де өтті.
Есептің бітуіне от қарар ма,
Олдағы түтіндетіп келіп жетті.
Шығарға жол жоқ, жалын қамап алған,
Бәрі де мал-мүлкімен күйіп кетті.*

*Ойласақ, уақиға емес болмайтұғын,
Ел қайда өзін даудан қорғайтұғын?
Қазіргі пайдасына бәрі жетік,
Адам аз алдын қарап болжайтұғын.
Аңдыған бірін-бірі жаудан жаман,
Ойласам, ел белгісі — оңбайтұғын.*

*Бұл белгі табылып жүр біздің жұрттан,
Таласып бір-бірінің жүзін жыртқан.
Алданып арадағы дау-шарына,
Қатерден қапері жоқ келер сырттан, —*

деп терең маңызы бар әлеуметтік ой толғайды.

Ахаң «Ала қойлар» атты мысалында [2; 62–64] отаршылдық саясаттың бет-пердесін сыпырып, зұлым саясаттың сырын ашады. Ақ патшаның отар елдерді қандай айлалы тәсілмен қанап отырғандығын суреттейді. Онда Арыстан (орыстың ақ патшасы), Аю мен Түлкі (жақын кеңесшілері), Ала қойлар (бұратана халық). «Әділ» патша «Ала қойларды» көргенде көңілі бұзылатынын, оларды көргенде көзі ауратынын айтып, олардан құтылудың жолын «кеңесшілерімен» ақылдасады. Өз ойын оларға ашық айтып, өзінің беделіне көлеңке түспейтіндей болуын сұрайды:

*Жазықсыз қан төкті деп айтпастанай
ғып,
Әр түрлі бұған керек амал таппақ», —*

дейді.

Сонда «күшке мықты, ойға олақ» аю:

*Бәрін де ала қойдың қырсаң, тақсыр,
Тұқымын не бар құртып, жоймайтұғын?! —*

деп өзінің жауыздық ойын жеткізеді. Аюдың бұл ойын Арыстан құп ала қоймайды. Сонда саясатқа шебер сұм түлкі оңай жолды таба қояды. Ол қойларды қасқырға бақтыруды ұсынады. «Табылған ақылды» Арыстан тез қабыл алады [3].

Мысалдың соңында Ахмет:

*...Арыстан Түлкі ақылын қабыл алды,
Бөріден өңшең көкжал қойшы салды.*

*Қойларды қасқыр бағып оңдырар ма?
Ала түгіл, ағы да аз-ақ қалды.*

*Ал сонда не деп айтты өзге аңдар,
Қойлардың таусылғанын көрген жандар?
«Жарықтық Арыстаннан еш кінә жоқ,
Бұзықтар қасқырлар ғой, ант ұрғандар!*

*Бұл сөзге дегенім жоқ жылар-күлер,
Адам аз алдын болжап анық білер.
Көкжалдар қойшы болса, кім біледі,
Береке ала қойға кірсе кірер... —*

деген салмақты ой тастайды. Өйткені кезінде Аханды Крылов мысалдарының ішінде ең бір қатты қызықтырған да, назарын аударған да осы «Ала қойлар» тағдыры еді.

«Қырық мысалда» Пушкиннен аударылған «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы», «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», Крыловтан аударылған «Сорлы болған Мұжық», «Қаздар», Лермонтовтан аударылған «Мцыри» (поэмадан үзінді) шығармалары да берілген. Бұлардан басқа А.Байтұрсынов орыстың лирик ақыны С.Я.Надсонның «Шайылған көз жасымен...» атты өлеңін [4; 30] қазақшаға аударған:

*Шайылған көз жасымен жердің бетін,
Өткізіп тым өлшеусіз өкіметін,
Жауыздық жалғандықпен қаптағанға,
Адал жоқ, ақ ниетті арам жеңіп,
Жазықсыз жанды қинап, қанды төгіп,
Бұзықтық түзуіңді таптағанға.*

*Қиналып, кім болсаң да, талыққандар,
Түңіліп, үміт үзіп, жабықпаңдар!
Қайтадан жақындық кеп, қастық қашып,
Жарқырап жақсылыққа атар таң бар.
Еңкейіп еңсесіне бейнет артпай,
Шөггер тәж шынжыр киіп, азап тартпай.*

*Жақындық келер күшті сәулетінде,
Көз жасы — тірі мола, құлдық, қорлық,
Дар ағаш, қылыш, қанжар, өштік, зорлық, —
Бірі жоқ жақындықтың дәулетінде.
Жанға жұт, жарық сәуле, жоқ мұқтаждық,
Сырт берер адамзаттың әулетіне.*

*Артықша тасқан қайтып, толған солып,
Құритын кез келмекші нәубетіне.
Демеңдер, жақсылық — таң, жай үміт құр,
Заман тар, жауыздық зор, тым қысып тұр.
Айналаң қараңғы түн тым түнерген,
Қиналып, талар дүние азап шегіп,
Қалжырар жалмауыздар қанға бөгіп.*

*Болдырар алыс-жұлыс жолына ерген.
Жүре алмай, демі құрып сонда әрі,
Соқпалы, содыр жолдан шығар бәрі.
Талған күш, қиналған тән, ауырған жан
Дертіне жақындықты етер дәрі.*

Кезінде Надсон өлеңдерін Шәкәрім де аударған. Қазақ ақындары Надсонның Петербургта әр кезде жарық көрген шығармаларымен таныс бола отырып, оған зор ынта, ықылас қояды. Көп

жағдайда олар одан өз ой-толқындарына, ізденістеріне, сезім дүниелеріне ықпал ететін үйлесімділік, сәйкестік тапқан деуге болады. Надсонның таланттылығы, сүйкімді бейнесі, аянышты өмірі, небәрі 25 жыл ғана ғұмырында соншалықты маңызды да қомақты мұра қалдыруы, одан адам өмірінің сан алуан күй сырлары шеберлікпен шертілуі, қоғамға өзіндік қатынасының айқындығы, философиялық ой-толғаныстары, т.б. қадір-қасиеттері зерделі жастарды қызықтырғанға, еліктіргенге ұқсайды. Бұл да болса, сол кездегі бір топ қазақ ақындарының томаға-тұйықтықтан аулақ болып, көршілес елдерде не игі іс бар, соған көңіл аударып, оларды өз халқының қажетіне жаратып, үнемі рухани ізденістерде болғанын байқатады [5].

А.Байтұрсынов орыс ақыны Ю.Жадовскаядан аударма жасаған. Юлия Валериановна Жадовская Ярославль губерниясының Любимов уезіндегі Субботино селосында дворян отбасында дүниеге келген. Ю.Жадовскаяның баспа бетін көрген алғашқы екі өлеңінің бірі — «Лучший перл таится...» туындысы [6]:

*Лучший перл таится
В глубине морской;
Зреет мысль святая
В глубине души.
Надо сильно буре
Море взволновать,
Чтоб оно, в бореньи,
Выбросило перл!
Надо сильно чувству
Душу потрясти,
Чтоб она, в восторге,
Выразила мысль.*

Ахаң Жадовская жырын таза қазақы өлеңге былай айналдырған:

*Мінсіз таза меруерт
Су түбінде жатады.
Мінсіз таза асыл сөз
Ой түбінде жатады.*

*Су түбінде жатқан зат
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады.*

Өлеңнің басында «Жадовскаядан» [4; 129] деген жазу тұр.

Ю.Жадовскаяның «Лучший перл таится...» атты өлеңі 1843 жылы «Москвитянин» журналының 12-санында жарияланған екен. Қазақтың ұлы тұлғасының қолынан шыққан Жадовская жырының қазақ нұсқасы әбден қырланып, сырланып тұр. «Мінсіз таза меруерт...» деп басталатын жауһар жырдың иесі, аудармашы Ахмет Байтұрсынов өлеңді барынша ширатқан, жұмырлаған, ақыры афористік айшыққа жеткізген. Бірер оқығанда жатталады да қалады.

Ахмет Байтұрсынов өмірі мен қызметінің салмақты саласының бірі — оның ақындық еңбегі

Ахаң — XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетін бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күрес идеясымен байытқан ақын. Қазақ әдебиетінде Хакім Абай үлгісін жалғастырған Ахмет поэзиясынан заман мұңы, халық трагедиясы, ақынның дүниетанымы, терең философиялық толғамдары, азаматтық аңсаған арман-мақсаты айқын байқалды. Оның ең өткір, ең үздік өлеңдері үкімет тарапынан қуғын көріп отырды.

А.Байтұрсынұлының азаматтық арман-мақсаты бейнеленген өлеңдері «Маса» деген атпен 1911 жылы Орынборда жеке кітап болып жарық көрді. Деректерге сүйенсек, ұлт ұстазының «Тіл құралы» жиырма бес рет, «Әліпбиі» жеті рет басылып шыққан екен. Сондай-ақ қазақ мұғалімдері үшін жазылған «Баяншы» оқулығы сегіз мың таралыммен, «Оқу құралы» елу мың данамен, «Тіл құрал» бірінші жылдық — отыз бес мың, «Тіл құрал» екінші жылдық — жиырма бес мың, «Маса» кітабы бес мың данамен таралған екен [7].

«Масаның» негізгі идеясы — жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Оның отандастарының бойында жоғары сезімді оятуға ұмтылысы зор болды. Сондықтан Ахмет жинаққа қойған атына едәуір ой, салмақты жүк артты:

*Ызыңдап ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары аяқтары ұзын маса,
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен қара яки қызыл маса.*

*Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғаниша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызыңдаса?*

Ақынның «Сөз иесінен» деген осы өлеңінде [2; 5] «ызыңдап ұшқан... маса» — сергектікті, серпіліс пен ізденісті сәулелейтін астарлы дүние. Ол «үстінде ұйықтағанның айнала ұшып», қоғамның жалқау, ұйқыдағы күйінен оянуына қызмет етеді.

Ахмет бала кезінен қазақ ішінде көркем сөз құдіреті жоғары саналатынын көріп, естіп, сезініп, ойланып өседі. Сондықтан ол айналаны тану, білу, сезіну қалпын поэзия тілімен, өлеңмен жеткізуге ден қояды. Өлеңді өзінің ағартушылық идеясына пайдалануды көздейді. Жас Ахмет «Жазушының қанағаты» деген туындысында [2; 5]:

*Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар,
Құлағын біреу салмас, біреу салар.
Теп-тегіс көпке ұнау оңай емес,
Кейіне жарамаса, кейіне жарар.*

*Қайсысы ықыласын салып тыңдар,
Жаратпай қайсыбірі теріс қарар.
Дүниеде сүйгенім бар, күйгенім бар,
Солардан аз да болса белгі қалар, —*

дейді.

А.Байтұрсыновтың біліктілігін, ойлау жүйесінің кендігін, оның тіршілікке деген көзқарасын «Тілек батам» атты өлеңінен [2; 13,14] аңғаруға болады:

*Я, Құдайым! Аққа жақ!
Өзіңе аян — мен нахақ.
Аққа деген жолымның,
Абыройын ашпай жасп.
Аят пенен хадисте,
Адал ниет, ақ іске,
Жаңылмасам жоқ еді
Жаза тартсын деген бап.
Мені ұстатып, айдатып,
Зығырданды қайнатып,
Масайрасып, мәз болып,
Қуанғанды өзің тап!
Аз күндікке алданып,
Аз нәрсеге жалданып,
Адасқанын Алаштың
Түзу жолға түсір, хақ!
Жақын жерден жау шығып,
Мақұл сөзден дау шығып,
Дұшпан ұстап қолымнан,
Иттер тістеп тонымнан,
Маған тосу болған шақ.
Тұтқын болып тарығып,
Жалғыз жатып зарығып,*

*Ашу қысып ойды алып,
От жайылып бойды алып,
Дерт жүрекке толған шақ.
Қатты айтты деп кектемей,
Сиынганды тек демей,
Он екі имам әулие,
Жиырма сегіз әнбия,
Қолда өңшең аруақ.
Қара палуан Жәнібек,
Қаздауысты Қазыбек,
Жетім қалған халқыңа,
Тұлға болып артыңа,
Кім тиянақ қазық ед?
Құнсыз болып еріміз,
Жесір болып жеріміз,
«Жан менікі» дей алмай,
«Мал менікі» дей алмай,
Ит пен құсқа азық ек.
Барын салып таласқа,
Арын салып қалашқа,
«Жұрт болалық» деген жоқ,
Жұрт қайғысын жеген жоқ,
Іріп, шіріп азып ек.
Мұны көріп көзіміз,
Бірігер деп сөзіміз,
Кен болар деп балшықты,
Көл болар деп шалшықты,
Біз үмітпен қазып ек.
Дәреті жоқ аяқтар,
Қорсылдаған саяқтар,
Былғамасын қасыңды,
Қасиетті басыңды,
Дегеніміз болмаса,
Қазаққа не жазып ек?
Байлаттырған қолымды,
Бөгеттірген жолымды,
Жақыным бар, жатым бар,
Хабарлана жатыңдар,
Мен сендерге жүгіндім,
Төресі әділ қазы деп.*

1905–1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы жеңіліске ұшырағаны тарихтан белгілі. Сондықтан елде реакция кезеңі басталды. Полицейлік озбырлық орнады. Шерулерге, митингілерге, тіпті қалаларда топтасып серуен құруға да тыйым салынды. Патша үкіметінің басшысы Столыпиннің аграрлық саясаты белсенді түрде жүзеге асырылды. Столыпин заңдары күшіне кіргеннен кейін Қазақстанға қоныс аударғандар толқыны одан сайын күшейді [8].

Ресейдегі революциялық қозғалыстың өріс алуының әсерінен Қазақстанда ұлттық сана өрлеу үстінде болды. Қазақ қоғамындағы ұлттық қозғалыс бүкіл халықтық сипат ала бастады. Ұлттық қозғалыстың әр түрлі ағымдары қалыптасты. Оның негізгі күші ұлттық интеллигенция болды.

Сол тарихи кезеңде Ахмет Байтұрсынұовтың қоғамдық-саяси қызметі ерекше маңызға ие болды. Ақынның ел күйін өзгертудің ағартушылық жолдан басқа бір арнасын іздеп сезіне бастағаны байқалды. Ол ізденіс 1905–1907 жылдар оқиғаларына байланысты туды деуге болады. Мысалы, «Бак» деген өлеңінде [2; 16] Ахан:

*Бұлттар басып жасырған,
Жаңа түсіп басылған,
Таң шапағы сөніп тұр.*

*Жаңаланған өмірден,
Жаңа шығып көрінген,
Гүл қамауда семіп тұр.
Балалықтан басталып,
(Тастаймын аз жасты алып,
Есім нағыз енгенше).
Көрдім қызық, көрмедім?
Көрсем — баға бермедім,
Бозбала жас келгенше.
Құстай тұлкі алатын,
Жайып алтын қанатын,
Уылжыған от лепті
Жігіттік жас келді де,
...ойды біраз бөлді де,
Тұрағы жоқ ол өтті.
Қудым бақты, іздедім,
«Табамын зой тез», — дедім.
Азап шекті тән-жаным.
Қарап жақын-жырақты,
Жақтым түрлі шырақты,
Таптырмады қуғаным, —*

дейді. Мұндағы, «Жаңа түсіп басылған, таң шапағы сөніп тұр», «Жаңа шығып көрінген, гүл қамауда семіп тұр» деген символдық бейнелер жаңа ғасыр көгіндегі көрініс-құбылыстар әкелген бағыт-бағдар мен реакция жылдар елесі екені сөзсіз.

Ақын ізденуден, үміттенуден, ұмтылудан жалықпайды. Өз толғауында ол былай армандайды:

*Үміт сүйер жсыраққа,
Жетесің деп мұратқа,
Талықсам да ізденіп.
Қашан көңіл жасарар,
Арқа-басың босанар,
Рақатты жаз келіп?
Қашан жанып шамшырақ,
Сәуле беріп жарқырап,
Болар жарық төрт тарап?
Қашан маған іздеген,
Күліп жылы жүзбенен,
Болар серік бақ қарап?*

Бұл тамаша өрнектер тек бір ақынның жан-күйі ғана емес. Ол төңкеріс алдындағы қазақ қоғамының рухани ізденістерінің белгісі, алда жанар шамшырақты, бостандық кезді армандап күту, ансау әрі сену сарыны.

Ахаң Қарқаралы маңында мұғалім болып тұрғанында патша үкіметіне қарсы әрекет жасағаны үшін түрмеге қамалып, оның артынан жер аударылғаны көпшілікке мәлім. Бұл оның патша түрмесін алғашқы көруі болған. Осы уақытта ақын «Қа... қаласына» деген өлеңін [2; 17] шығарған:

*Қош, сау бол, Қа... жуылмаған,
Айдай бер қалса адамың қуылмаған.
Әдепті, сыпайы елдің қалпында жоқ,
Жасырын дыбыс шықты шуылдаған.*

*Бүркеніп арсыздардың шайнауына,
Жем тапты пісірмеген, қуырмаған.
Шыққан соң талғамайтын доңыздардың,
Қасыңа қиын болар жуу маған.*

Ахмет бұл өлеңін М.Ю.Лермонтовтың «Прощай, немытая Россия...» деген туындысының ізімен жазғаны белгілі. Орыс поэзиясын жақсы білетін ақынға өзімен мұңдас Лермонтовтың осы өлеңі көңіліне ұнаған болса керек.

Ақын бесік жыры үлгісімен жазылған «Жұбату» өлеңін [2; 17–19]:

*Қайран еркін
замандарың!
Тарлыққа жоқ
амалдарың!
Еркін дала,
Еркің қайда?
Еркіңдегі
Көркің қайда?
Нулы, нулы
Жерің қайда?
Сулы, сулы
көлің қайда?
Еркін көшкен
Елің қайда?
Ел қорғаны –
Ерің қайда?
Тура айтатын
Биің қайда?
Би бардағы
Күйің қайда?
Адал көңіл
Ақтық қайда?
Жалған анттан
Сақтық қайда?
Бауыр тартқан
Жүрек қайда?
Намыс қызған
Сүйек қайда?*

деген жолдармен бастайды. Алты ауыз алауыздықтың салдарынан өзге елге бодан болған елін:

*Малың алдау,
Талауда тұр.
Жаның арбау,
Қамауда тұр.
Аяғыңды тұсау
Қысты.
Жақтарыңды
Құрсау қысты —*

күйінде көреді. Ұлықтарың «біз тұрғанда кам жеме, ұйықтай бер» деп, «әлдилейді», ондай «әлдиге» сеніп қалма деп, халқын қырағылыққа үгіттейді.

«Жұртыма» деген өлеңінде [2; 17] ақын қазақтың тағы бір тиімсіз мінезіне қадалады:

*Бірлік қып іс етуге шорқақ, жұртым,
Табылса оңай олжа ортақ, жұртым.
Сияқты қара қарға шуылдаған,
Үрейсіз, қоян жүрек қорқақ, жұртым.*

*Білмейсің жөнің менен терісіңді,
Ел болып іс етпейсің келісімді.
Үміт қып бәйге атындай талай қосып,
Байқадық шабыс түгіл, желісіңді.*

*Жөн айтқан жұртшылыққа адам болса,
Шығасың қолыңа ала керісіңді.
Батырап бет-бетіңе жөнелгенде,
Көрдік қой жайылатын өрісіңді.*

*Келгенде өзді-өзіңе мықты-ақсыңдар,
Қайтейін, өзге десе көңгішіңді.
Сықылды сынық бұтақ төмендесең,
Кім жұлмас оңайдағы жемісіңді?!*

Ақындардың бір-біріне жазған арнау өлеңдерінде олар өмір сүрген дәуірдің тыныс-тіршілігі, бет-бейнесі бар. Мысалы, А.Байтұрсынов халық бостандығы жолындағы күрес жылдарында да, әдебиет саласында да онымен қатар жүрген серігі М.Дулатовқа арнап жазған «Ақын ініме» атты өлеңінде [2; 20, 21]:

*Азырақ құлағың сал, ақын інім,
Ойымыз рухымыз жақын, інім.
«Ағалық правосын қолыма алып,
Келемін айтайын», — деп ақыл, інім!
«Өзімді ағаңмын», — деп үлкейтемін,
Онымды көремісің мақұл, інім.
Адасқан ағаңыздың жері болса,
Тілеймін ете гөр деп гафу, інім.
Жай жатсаң жаңылмайсың, адаспайсың,
Күресте кім кетпейді гапыл, інім.
Ат қойған аз-көбіне қарамастан,
Ақылға біздер жарлы пақыр, інім.
Доңыздай талғамай жеп семіргендер,
Саналып ақылдыға жатыр, інім.
Сүйікті милләтіңе болам десең,
Нашардың көбірек же хақын, інім.
Сыйласын десең жұртың қадір тұтып,
Айғырсып момындарға ақыр, інім.
Білімді ел ішінде болам десең,
Шешенсіп, жоқты сөйлеп лепір, інім.
Қолыңнан мұның бірі келмес болса,
Кісімсіп ең болмаса қақыр, інім.
Сөзіңді тыңдатайын десең жұртқа,
Ет асып табақ-табақ шақыр, інім.
Аузымен орақ орып, бәрін де етер,
Қымызды шара-шара сапыр, інім.
Ет пенен қымыз беріп сөйлеп көрсең,
Айтқаның жұртқа балдай татыр, інім.
Ақылың Аплотондай болса-дағы,
Қымыз бен ет жоқ құр татыр, білім, —*

деп патша заманының қулық-сұмдығын келемеж-кекесінмен жеткізеді. Сүйікті болғың келсе, «нашарлардың хақын көбірек же», сыйласын десең «айғырсып момындарға ақыр», білімді боламын десең, «шешенсіп жоқты сөйле, лепір», — дейді Ахаң.

А.Байтұрсыновтың ақын інісіне айтқан осы «ақылы» қазір де құнын жойған жоқ. Ел қамын жеген болып, трибуналардан көлгірсіп, көсемсіп сөйлеу, әлсіздерге күш көрсету, күле кіріп, күңірене шығу әлі де бар екенін жасыра алмаймыз.

Ахмет Байтұрсынұлы ақындығына тән бір сипат — ол өз поэзиясы арқылы ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіне ел азаттығы жолындағы күрескер-қаһарман бейнесін әкелді [9]. Оның «Досыма хат» өлеңіндегі [2; 7, 8]:

*Қырағы қия жазбас, сұңқарым-ай!
Қажымас қашық жолға, тұлпарым-ай!
Үйілген өлексенің өрге сүйреп,
Шығармақ қыр басына, іңкәрім-ай!*

*Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр,
Түнерген төбемізден бұлт арылмай.
Көк етті, көн терілі көніп қалған,*

*Сықса да шыдай беру жұрт жарылмай.
Кім біліп ер еңбегін сезіп жатыр?
Кім шыңдап жолдастыққа төзіп жатыр.
Сасық ми, салқын жүрек санасыздар,
Алаңсыз ақ малтасын езіп жатыр.*

*Сынайтын жақсы менен жаманды өлиеп,
Құлдықтың қолдарында кезі жатыр.
Кешегі кеңшілікте керек қылған,
Бостандық болмаған соң безіп жатыр.*

*Айтқанмен таусылар ма оны-мұны?
Талайдың таңдамалы түпкі сыры:
Жанасқан шын көңілмен жақындық аз, —
Көбінің іші салқын, сырты жылы.*

*Ақшаға абыройын, арын сатып,
Азған жұрт адамшылық қалмай сыны.
Жаны ашып, жақыны үшін қайғырар ма,
Жаны мал, жақыны — мал, малдың құлы?! —*

деген жолдардағы «сұңқар», «тұлпарға» теңелгендер бостандық пен тәуелсіздіктің жоқшысы. Қиын-қыстау күндерде мақсат пен тілек біріктірген серіктестердің қайраткерлік тұлғасының бедерлі бейнесі. Егер «Қырағы қия жазбас, сұңқарым-ай, Қажымас қашық жолға, тұлпарым-ай» деген метафоралық өрнектер бұрыннан көркемдік арсеналда болса, «Үйілген өлексенің өрге сүйреп, Шығармақ қыр басына, іңкәрім-ай» ақынның өзі тапқан көркемдік тіркесі. Мұның өзі айтылмыш ойды үдете, үстемелей жеткізу қызметін атқарып тұр.

Ахаңның кез келген өлеңі елінің тағдыры, мұңы, оның бүгінгі мен ертеңін толғауға арналған:

*Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ.
Жел соқса, құйын құса жылжи беру,
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ.*

*Бұл күйге бүгін емес көптен кірдік,
Алды-артын аңдамаған бетпен кірдік.
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз,
Алалық алты бақан дертпен кірдік.*

*Бейне бір құдіретті сынағандай,
«Сақтар деп сақтар болса» сертпен жүрдік.
Жат жақты жаратқанға күзеттіріп,
Жақынмен ырылдастық, иттей үрдік.*

*Білдірдік елдің сырын, ердің құнын,
Еліріп ерегеске екі-үш күндік.
Кіреді тентек есі түстен кейін,
Мүшкілін халқымыздың жаңа білдік.*

*Әлі де саңылаусыз салтын бағып,
Түрі жоқ іс ететін пәлен дерлік.
«Ұлы той көппен көрген» жалғыз мен бе, —
Деп отыр, не болса да жұртпен көрдік, —*

дейді Ахмет тебіреніп. Осы «Қазақ қалпы» өлеңінде [2; 6, 7] елшілдік туын көтерген ақын позициясы айқын таңылады.

А.Байтұрсынұлының Мәскеуде жарық көрген «Ер Сайын» жыры Шоқан Уәлихановтың досы, әйгілі орыс ғалымы Г.Н.Потанинге тарту ретінде шығарылған. А.Байтұрсынов «Г.Н.Потанинге» деген арнау өлең де [2; 24–25] жазған. Бұл туынды:

*Атақты Сібір ұлы қарт Потанин,
Ер сүйсе, сендей сүйсін ел — Отанын.
«Қазақсың, қалмақсың», — деп алалау жоқ,
Отанның тең көресін барша жанын.
Қазаққа Потаниннің аты ардақты,
Иәміштің біліп отыр қанша шалын?!*

*Сексенді сен атқардың жұмыспенен,
Күндерде қарлы жаңбыр жүріспенен.
Өзіңді көзіңе айтып мақтау емес,
Бізсіз де ісің айғақ тұр істеген.
Ұл туып ұлы жолда қызмет етсе,
Онан зор ұлтқа бар ма ырыс деген?!*

*Ергенге жолың сара лақпайтын,
Туың зор атын оқпен құлатпайтын.
Сырыңды жыр ғып сөйлеп жеткізуге,
Көп сөзді көршілер тұр ұнатпайтын.
Жаз келер, жадыраған күндер туар,
Жыр жырлап ту түбінде шуақтайтын, —*

деп басталды да, былай аяқталады:

*Біз едік қадірі жоқ ұл әкеге,
Көп жатқан мешел болып келекеде.
Әл бітіп, жаңа ғана аяқ басып,
Ілдік біз де жетіп мерекеге.
Тойыңа шашу алып шаттанамыз,
Білдіріп жүрек лебін Грекеңе!!!*

*Алдында Алаш тарту ұсынып тұр,
Қорының сыйы нашар қысылып тұр.
Жағдайсыз шаруаға шарт тугызған,
Алаңды зор «соғыстың» тұсы боп тұр.
«Орамал тонға емес, жолға» — деп ал,
Әзіргі ат-шапаны осы боп тұр.*

Алты Арыстың ардақты жанашыр көсемі 1932 жылы Ақтеңізде айдалып жүрген кезінде Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданынан Серікбай Мамырханов деген азаматпен кездеседі. Серікбай — Найман елінде Мамырхан деген бидің баласы, арабша оқып зеректікпен хат таныған, Әбдікерім Ережепұлы деген белгілі болысқа хатшы болған, сөз ұғар, сауатты жігіт. Ол 28 жасында он жылға кесіліп, Беломор-Балтық каналының тоңын қазуға барады.

Ахаң да сол каналдың тоңын қазушылардың арасында екенін білген Серікбай бір қолы қалт еткенде сәлемдесіп, Ахметтің жатқан барағына барып, жөнін айтыпты. Семейде болған Ахаң, сауатты Әлихан Бөкейхановпен Орман академиясының дайындық курсына бірге бітірген Қаратай елінің Әбдікерім болысын танып біледі екен.

Ахаң: «Қарағым, сөз білетін жігіт екенсің, қойын дәптерің болса, бес-алты ауыз сөз жазып берейін», — дегенде, қуанып кетіп, сиялы қарындашы мен дәптерін ұсынады. Сонда қазақтың Ахмет ағасының жазған «Елге сәлем» атты 10 шумақ толғауы [2; 25–26] келесідей:

*Талапты жастың бірі — сен бір балам,
Келіңсің дәмің айдап Қаратайдан.
Қаңбақтай жел аударған ажырапсың,
Ел жұрттан, туысқаннан кейін қалған.*

*Басынан ер жігіттің нелер кетпес,
Қажыма, қайратты бол, ешнәрсе етпес.
Бейнетің көрген түстей болар ұмыт,
Шығарсың азаттыққа ерте иә кеи.
Басың жас, қызығың көп көрер алда,
Мұңайма бақсызбын деп бүгін таңда.
«Ұлы той көшпен көрген», — деген бар ғой,
Байқасаң аман қалған адам бар ма?!*

*Не білгір, не данышпан бәрі келген,
Жас та көп, бұл арада кәріменен.
Танысып талай жұрттың жайын біліп,
Жолдас боп жүрсің, міне, бәріменен.*

*Осының үлкен олжа өзі саған,
Не көрді елде қалған басқа адам.
Өкінбей мұнда өткен өміріңе,
Өрге жүз, өрнек алып осыларды.*

*Күн туар, есен-аман үйге қайтар,
Қызықтың бастан кешкен бәрін айтар.
Ысылып тең құрбыңның алды болсаң,
Көргендер, көріскендер басын шайқар.*

*Ақыры сергелдеңің болмай теріс,
Өзіңе қайырлы боп мұнда келіс.
Ел-жұртты бізден бұрын көре қалсаң,
Сәлем айт алты арысқа бізден тегіс.*

*Айтарсың: Ақ теңіздің аралында,
Айдалған ағаларым қамауында.
Баяғы көксегені сенің бағың,
Жүрсе де бақтаушының қарауында.*

*Кеш жатып, ерте тұрып жабығады,
Кеттік деп сенен алыс қамығады.
Сарыарқа сайран еткен қайран мекен,
Ерте-кеш соны ойлап сағынады.*

*Ызғарлы Ақ теңіздің күні тұман,
Бар екен ағаларда үлкен шыдам.
Бел байлап тәуекелге жүріп жатыр,
Басқа сөз айтқаны жоқ дерсің бұдан.*

Кейін С.Мамырханов Архангел облысындағы Ақтеңіз аралдарының бірінде орналасқан лагерден аман-есен қайтқан көрінеді. Ол 1988 жылы «Біздің Отан» газетінде Ахаңның оған жәдігер етіп жазып берген өлеңін жариялайды [10].

1937 жылы тұтқындалған А.Байтұрсынов түрмеде отырып, өзінің соңғы өлеңін жазады [11]:

*Не жазып ем, құдай-ау мен қазаққа,
Мұншама ғып салғандай
бұл азапқа?!
Адамшылық есебіне кірісіп,
Қолы жетсін дегенім бе азатқа?*

*Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,
Жол сілтедім жақын емес, алысқа.*

*«Өзге жұрттар өрге қадам басқанда, —
дедім, — сен де қатарыңнан қалыспа!»*

*Бар ма, қазақ, мұнан басқа қылғаным?
Неңді шаштым, неңді бұздым, былғадым?
Аштан өлген аталарың бар ма еді,
Тамақ үшін сатқан иттер иманын.*

*Көң тасыған көк есектер, бәріңе,
Қалдырмастан жағалай жас-кәріңе,
Үрім-бұтақ нәсіліңе қалғандай
Нық басылар кетпейтін мөр тәңіне.*

*Бәріңді де іздеп қарап көрермін,
Тапқанымды тастамаспын, терермін.
Миллат үшін еңбектері сіңген деп,
Өсиет қып, кейінгіге берермін.*

*Асықпаңдар, артымызда қазы бар,
Тергеп талай, сүйектерің қазылар.
Пайғамбарды сатып отыр тілла алған,
Яһудамен бірге аттарың жазылар.*

*Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен,
Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны.*

Ахмет Байтұрсынұлының «Туған тілім», «Дағдарыс», «Қоян» деген үш өлеңінің мәтіні ақын есімі ақталғаннан кейін (1989, 1992 жж.) баспасөз беттерінде жарияланды [12]:

1. «Туған тілім». А.Байтұрсынұлының бұл өлеңі 1916 жылы қазақ елінің жазу тілінің тарихи таласқа түскен тұста жазылып, 1916 жылы «Қазақ» газетінің 31 қаңтар № 167 санында жарияланған.

2. «Дағдарыс» атты өлеңі — «Қазақ» газетінде 1915 жылғы желтоқсан айының 16-сы күнгі № 116 санында «Оқшау сөз» айдарымен жарияланған. Өлең — сол тұстағы әділетсіздік жайлаған билеуші топқа көңілі қалып, әділеттілік күткен қоғамы ортамен бірге дағдарған кейіпкердің бір құдіретке зарлай арнаған толғауы іспетті.

3. «Қоян» 1915 жылдың 31 желтоқсанындағы № 163 санында («Қазақ») жарық көрген. Бұл өлең ақынның 1922 жылғы өлеңдер жинағына енген. Аталған өлеңде мұсылманша жыл қайыру атауына ие болған «Қоян» жылының қашанда елге жайсыз тигені жырланады.

Ахаңның бұл өлеңі келген жырлары ғалымның бес томдық жинағының бесінші томына алғаш рет енді [13].

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсыновтың өлеңдер топтамасы — көп ғасырғы қазақ поэзиясының дәстүрлерін, демократтық-ағартушылық әдебиет үлгілерін, жаңа тарихи жағдайда дамытып, жалғастырған идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар.

Ахметтің азаматтық сарыны басым «Жиған-терген» өлеңі

Отаршылдықтың езгісін көріп отырған қазақ елінің басқа жұртпен теңдігін, ғылым-біліммен көзінің ашылуын армандаған Ахаң өз шығармаларында соны өзек етеді. Сондықтан ол халқына «Жиған-терген» деген тамаша толғауын [2; 8–11] ұсынады. Бұл өлең ұлы Абайдың «Сегіз аяғы» үлгісімен, әсерімен жазылған шығарма. Осы еңбегінде А.Байтұрсынов қазақ қоғамының көптеген көкейтесті мәселелерін көтерген:

1. Мына өлең жолдары ақынның қоғам қалпы туралы ойланғанын көрсетеді:

*Әр жолды ойлап,
Ойыма бойлап,
Ұқтым тайыз, тереңді.
Сайраған тілмен,
Зарлаған үнмен,*

*Құлағы жоқ кереңді —
Ұқтыра алмай сөз әуре,
Тек тұра алмай біз әуре.*

2. Мына өлең жолдары — қоғам мен тұлға арақатынасы күрделілігінің көрінісін, азаматтық лириканың үлгісін, яғни автордың әлеуметтік ортаға деген көзқарасы Абай көтерген қоғамдық ойлармен қабысатынын, бейнелейді:

*Салып дауға,
Сатылып жауға
Болыстықты алысты.
Қазық боп жұртқа,
Қорған боп сыртқа,
Кім ойлады намысты?!
Мақтады ұлық, — болды мәз,
Қауым үшін қайғы аз.
Оқытты жасын,
Өсіріп шашын,
Мал табуға салынды.
Қаламнан, хаттан,
Жауаптан айтқан
Білді жалғыз алымды.
Кейбірі шен алмақта
Дінін шанышып қармаққа.*

*.....
Балалық қалып,
Ес біліп анық,
Ер жеткелі жиырма жыл,
Баяғы қалпы,
Баяғы салты,
Бұ неткен жұрт ұйқышыл?!
Болсын кедей, болсын бай,
Жатыр бейғам, жым-жырт жай.*

3. Мына өлең жолдары аңқау адамдарды алдап, мал жинап, кәсіп етіп жүрген арамза молдаларды, халық бойындағы енжарлық, бейқамдық мінездерді сынға алады:

*Басында — сәлде,
Аузында — алла,
Молдаларда не гамал.
Көздерін сүзіп,
Жүздерін бұзып,
Алдап жұртты жимақ мал.
Жұмақ молда қолында,
Сауда-саттық жолында.*

*Бергенге жұмақ,
Бермесе — дозақ
Деп үйретер халыққа.
Жұмақтың кілтін,
Алланың мүлкін,
Арендаға алып па?
Молда сатса тиынға,
Ол алла емес, сиынба?!*

*Шалқаңнан жатып,
Алланы сатып,
Аламын деп қорлама!
Еңбексіз ит жер,
Бейнетсіз бит жер,*

*Берсеңдер, бер молдаға!
Өзіңді, бірақ алдама!
Ақшаға жұмақ жалдама!*

4. Мына өлең жолдары қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздіктің бәрін көріп толғанған ақынның ойлы тұжырымын білдіреді:

*Ұлғайып қайғы,
Уытын жайды,
Айтпасыма болмады.
Қабағын түйіп,
Қаһарын жиып,
Көкті бұлт торлады.
Жаңбыр жаумай, жауса қар,
Жұрт жұтайтын түрі бар.*

5. Мына өлең жолдары — озбырлық, үстемдік ету үшін жүргізіліп отырған саясаттың нәтижесін баяндайды:

*Ұйқышыл жұртты,
Түксиген мұртты
Обыр обып, сорып тұр.
Түн етіп күнін,
Көрсетпей мінін,
Оятқызбай қорып тұр.
Обыр болса қамқорың,
Қайнағаны сол сорың!*

6. Мына өлең жолдары — ел ішіндегі азын-аулақ зиялы азаматтар сөзіне құлақ қоюдың аздығына күйінуден туған:

*Оянған ерге
Ұмтылған жерде,
Еруші аз да, серік кем.
Қас білген досты,
Дос білген қасты,
Мұндай елді көріп пе ең?
Қыс ішінде бірер қаз,
Келгенімен, қайда жаз.*

7. Мына өлең жолдары — өзінен-өзі мәтелге сұранып тұрған түзілімдер:

*Қиыннан қиып,
Қиырдан жиып.*

Немесе:

*Ашынса етің,
Ашылмақ бетің.*

Немесе:

*Иланбасам айтпаймын,
Иманымнан қайтпаймын.*

8. Мына бір астарлы екі жол нақыл кітабына немесе мақал-мәтел жинағына әбден қосуға татитындығы даусыз:

*Бір күн тойса есектер,
Ми жоқ алдын есептер.*

Шынында, «есектер» деген атаудың астарында есірек пенденің қаншасы жүр?!

Сонымен, Ахмет өз туындысында сөз ұғар, көңіл көзі сергек қауым алдына нелер келеңсіз көріністер сырын ашқан. Ақын жырын былай аяқтаған:

*Қазағым — елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қанауда жаның,
Аш көзіңді оянып.*

Қанған жоқ па әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың.

Бұл сөздерді патша цензурасы кезінде жарыққа жібермей тастаған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Имаханбетова Р.* Ахаң және аударма мәселесі // Жұлдыз. — 2006. — № 11, 12. — 179–181-б.
- 2 *Байтұрсынұлы А.* Жан сөзімді кім түсінер? — Алматы: Қазақстан (А.Байтұрсынұлы атындағы қор), 1994. — 112-б.
- 3 *Әбдіманов Ә.* Азаттықты ту көтерген туынды // Жұлдыз. — 1993. — № 7. — 194-б.
- 4 *Байтұрсынұлы А.* Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. — Алматы: Жазушы, 1989. — 320 б.
- 5 *Сәтбаева Ш.* Ахмет Байтұрсынұлы (1873–1937) / XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. (Қазан төңкерісіне дейінгі дәуір). — Алматы: Ғылым, 1994. — 144-б.
- 6 *Әбдірахманов С.* Жадовскаядан // Егемен Қазақстан. — 2011. — 3 маус. — 5-б.
- 7 *Мәметқазыұлы Қ.* Ұлтымыздың ұлы ұстаздары // Қазақ. — 2010. — № 38, 39 (499–500). — 17–24 қырк. — 4-б.
- 8 *Рысбай К.* Қазақстан Республикасының тарихы. — Алматы: «Жедел басып шығару баспаханасы» ЖШС, 2005. — 151-б.
- 9 *Әбдіманұлы Ә.* Ұлттың рухани көсемі // Ақиқат. — 2006. — № 5. — 23-б.
- 10 *Ахмедов Ф.* Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. — Алматы: Жалын, 1996. — 34-б.
- 11 *Сәрсекеев Қ.* Ұлт ұстазы, немесе Алаштың Ахметі (Ахмет Байтұрсынұлы жайлы ой түйін) // Жұлдыз. — 2003. — № 12. — 104-б.
- 12 *Иманханбетова Р.* Ахмет Байтұрсынұлының еленбей келген еңбектері // Қазақ әдебиеті. — 2007. — № 32 (3036). — 10 тамыз. — 6-б.
- 13 *Имаханбетова Р.* Ахаңның тың туындылары һәм оның бүркеншік аты хақында // Ақиқат. — 2008. — № 11. — 230-б.

Р.С.Каренов

А.Байтұрсынұлы — мастер поэтического слова и переводческого дела

В статье показана роль Ахмета Байтұрсынұлы как непревзойденного мастера перевода. В книге «Қырық мысал» дан авторский перевод на родной язык басен великого русского баснописца И.А.Крылова. Кроме того, А.Байтұрсынұлы открыл для казахских читателей малоизвестные стихи русских поэтов С.Я.Надсона и Ю.В.Жадовской. В творчестве, как в переводной литературе, так и в своих произведениях, А.Байтұрсынұлы бичевал несправедливость, жестокость, тупость и другие человеческие пороки. Как поэт А.Байтұрсынұлы воспевал идеи торжества свободы и справедливости.

R.S.Karenov

A.Baitursynov — the master of the poetic word and the translation business

It is stated that Ahmet Baitursynov was a past master of the translation business. It is noted that the first thing he translated into the native language of most of the fables of the great Russian writer Ivan Krylov and published them in the book «Kyryk cape» («Forty fables»). It is proved that in his work Baitursynov ridiculed and castigated the injustice, cruelty, greed, greed, stupidity, and other human vices of many of his contemporaries. Describes how masterfully he turned a little-known Russian poetry and poets S.Ya.Nadsona Yu.V.Zhadovskoy. Highlights the remarkable poetry A.Baitursynov, which was riddled with ideas triumph of freedom and justice, the fight against autocracy, the construction of a new democratic society.